

«Ең үздік заттық-дамытушы орта» байқауын өткізудің

Ережесі

- 1.4 «Ең үздік заттық-дамытушы орта» байқауы №6 «Өркен» бөбекжайының 2023-2024 оқу жылына жасақталған жылдық жоспар негізінде барлық топтар арасында өткізіледі.
- 1.5 Осы ереже «Ең үздік заттық-дамытушы орта» байқауын ұйымдастыру мен жүргізу тәртібін белгілейді.
- 1.6 Байқауды ұйымдастырушы «№6 «Өркен» бөбекжайы» ЖБҚ МКҚҚ.

2. Байқаудың міндеті мен мақсаттары:

- 2.1 Байқаудың мақсаты: Бөбекжайда тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуы үшін жағдай жасау.
- 2.2 Байқаудың міндеттері:
- Бөбекжайда балаларды оқыту мен тәрбиелеу талаптарына және жасалған жоспарға сай жағдай жасау;
 - Заттық-дамытушы ортаны ұйымдастыруда педагогтің инновациялық білімін жетілдіру;
 - МДҰ педагогтерінің жұмыс тәжірибесін анықтау және арттыру;
 - Педагогтердің шығармашылығы мен кәсіптік өсуін қалыптастыру;

3. Байқауға қатысушылар және байқаудың өткізілетін мерзімі

- 3.1 Байқауға МДҰ ның барлық топтары қатысады;
- 3.2 Байқау 25.01.24 ж өткізіледі;

4. Байқауды жүргізудің тәртібі

- 4.1 «Ең үздік заттық-дамытушы орта» байқауының жеңімпазы анықталады;
- 4.2 Байқауды бағалау үшін педагогтерден комиссия құрылады;
- 4.3 Байқау жеңімпаздары марапатталады;

5. «Ең үздік заттық-дамытушы орта» байқауын бағалаудың критериилері:

Жасақталған заттық -дамытушы орта:

- қауіпсіз;
- қолжетімді;
- әртүрлі;
- мазмұнды;
- көп атқарымды;
- өзгермелі;
- тартымды.

6. Байқауды қорытындылау және марапаттау

Ұйымдастыру комитеті мен қазылар алқасы байқауды қорытындылайды.

- 6.1 Байқауға комиссияның қорытындысы бойынша 25.01.2024 ж қорытынды жасалады;
- 6.2 Байқау жеңімпаздары жинаған баллдың санына қарай анықталады;
- 6.3 Байқаудан жеңімпаз болған қатысушылар мақтау қағазымен марапатталады;

«Үздік патриоттық бұрыш» байқауын өткізудің

Ережесі

- 1.1 «Үздік патриоттық бұрыш» байқауы №6 «Өркен» бөбекжайының 2023-2024 оқу жылына жасақталған жылдық жоспар негізінде барлық топтар арасында өткізіледі.
- 1.2 Осы ереже «Үздік патриоттық бұрыш» байқауын ұйымдастыру мен жүргізу тәртібін белгілейді.
- 1.3 Байқауды ұйымдастырушы «№6 «Өркен» бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК.

2. Байқаудың міндеті мен мақсаттары:

2.1 Байқаудың мақсаты: Балаларды патриоттық бағытта тәрбиелеудегі тәрбиешінің шығармашылығын арттыру.

2.2 Байқаудың міндеттері:

- Заттық дамытушы ортаны толықтыру;
- Балалардың танымдық қызығушылықтары мен санасының дамыуына көмектесу;
- Балаларды туған жер мен елге деген құрметке, махаббатқа, мақтанышқа, патриоттық сезімге тәрбиелеу;
- Педагогтердің шығармашылығы мен кәсіптік өсуін қалыптастыру;

3. Байқауға қатысушылар. Барлық топтың тәрбиешілері мен тәрбиеленушілері, ата-аналары қатысады.

4. Байқауды жүргізудің тәртібі.

4.1 Өткізілетін уақыты: 03-27.11.2023

4.2 Байқауды қортындылау: 28.11.2023

5. «Патриоттық бұрышты» бағалаудың критерийлері:

- бұрыштың орналасуы және құралдардың жеткіліктілігі;
- эстетикалық жағдайы;
- құралдардың балалардың жасы мен бағдарлама талабына сай болуы;
- құралдардың әр-түрлілігі: суреттер, альбомдар, макеттер, көрнекіліктер, дидактикалық ойындар, тарихи құжаттар, суреттер, буклеттер, ашық хаттар, көркем әдебиеттер, балалардың қолымен жасалған бұйымдар мен суреттер, т.б;
- Тәрбиешінің өзі жасақтаған бұрыш туралы қорғай білуі;

6. Байқауды қорытындылау және марапаттау

Ұйымдастыру комитеті мен қазылар алқасы байқауды қорытындылайды.